

**"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2731 Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.*

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын U952730\_ іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасының заң актілерін "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтіру туралы 1996 жылғы 10 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Президентіне ұ с ы н ы с т а р б е р с і н ;

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік сыныптары туралы ереженің, Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу шарттары туралы ереженің, Кадр резервін жасақтау және онымен жұмысты ұйымдастырудың тәртібі туралы ереженің, Мемлекеттік қызметшілердің аттестациядан өткізуді жүргізудің тәртібі мен шарттары туралы ереженің, Еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызмет стажы туралы ереженің, Мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу тәртібі туралы ереженің жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Президентіне ұ с ы н с ы н ;

Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын, мемлекеттік органдар мен олардың қызметін қамтамасыз ететін адамдардың тізбесін бекітсін;

Үкіметтің шешімдерін "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтірсін; министрліктің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың осы Жарлыққа қайшы келетін өз нормативтік актілерін қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз е т с і н .

2. Осы Өкім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК